



Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және Күлтегін сыйлығының иегері, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, белгілі ғалым әрі жазушы

Кейінгі кездің бір жаңалығы – Испания жағалауынан суға батқан қаланың орнының табылуы да үміт отын тұтата түседі. Өйткені ғалымдар оны Атлантиданың астанасы Атлас қаласы болуы мүмкін деген жорамал айтуда. Сондай-ақ Куба жағалауынан атақты Бермуд ұштағанына жақын тұстан тағы бір суға батқан үлкен қала құрылысының орыны анықталған. Бұрын ғалымдар жер бетіндегі алып пирамидаларды атланттар салды дегенді айтатын. Міне, осы Куба жағалауынан табылған қала құрылысының ішінде ерекше үлкен төрт пирамида бар көрінеді. Олардың біреуі, тіпті, шыныдан жасалынған дейді. Оның көлемінің үлкендігі Египеттегі атақты Хеопс пирамидасынан да асып түсетінге ұқсайды. Ал мұның бәрі зерттеушілер үшін ортақ тарихымыздың ақтаңдақтарын толтыруға мүмкіндік берер жаңалықты жаңа деректердің қоймасы тәріздес. Тек сол қойманы ашар кілт тезірек табылғай делік.

Сонымен, ерте замандарда Атлантиданың болғанын және оның дүниежүзілік орасан зор зілзаланың салдарынан мұхит суының астына кеткенін тарихи шындық ретінде қабылдау мүмкіндігіне ие болғандаймыз. Енді бізге қалатыны өз заманында сондай гүлденген өркеніетке қол жеткізіп, «таңданарлық патшалар державасын» құрып, Еуропа мен Азияны жаулап алуға күш біріктіріп,

шабуыл жасап жүрген «атланттар» деп жүргеніміз кімдер? Олар қазіргі жер басып жүрген бүгінгі адамзат баласынан тегі бөлек ерекше жандар ма, жоқ әлде осылардың бірімен нәсілдес, бауырлас жұрт па? Бауырлас болса, олар кімдер? Сондай-ақ олардың «түркітөктес» деп аталатын халықтарға қатысы бар ма? Бар болса, оны қазіргі таңда өзі түгілі ізі де қалмаған атланттардан қандай айғақ тауып, дәлелдеуге болады? Енді осы сауалдарға жауап іздеп көрелік.

Бұл ретте, ең алдымен, шешілер мәселе – алапат апаттан жер бетінде атланттардан ұрпақ жалғастырар тұқым қалды ма, жоқ әлде олардың бәрі мұхит суының астына кеткен арал-континентпен бірге түгі қалмай түгел құрдымға кетті ме деген сұраққа жауап іздеген жөн. Бірақ оған «қалды», «қалмады» деп бір сөзбен жауап беру мүмкін емес. Өйткені олай деп нақтылауға мүмкіндік берер ешқандай нақты дерек жоқ. Сондықтан қалайық, қаламайық, бәрі-бір естен өшкен ескі замандардан мәлімет берер мифтер мен аңыздардың дерегіне, осыларға қатысты жекелеген ғалымдардың болжамдарына сүйенуге мәжбүрміз.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде алдымен, тілге тиек етіп, жүгінеріміз, жоғарыда сөз болған, атланттар жөнінде кейінгілерге жеткен алғашқы деректі беруші Египеттегі Саис храмының бас абызы Сонхестің гректің атақты

«ЖАДЫҒА СЕНИП, ЖАЗУДЫҢ ТЕГІН ҰМЫТТЫҚ. БҮГІНГІ «ТҮРІК ЖАЗУЫ» ДЕП ЖҮРГЕН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРІКТЕРДІҢ ЖАЗУЫ ДА ОСЫ КҮЙІНДЕ КӨКТЕҢ ТҮСКЕН ЖОҚ. ОНЫҢ ДА ТЕРЕҢНЕН ТАМЫР ТАРТЫП, НӘР АЛҒАН БАСТАУ ТЕГІ БАР».

(«ҰЛЫ ҚАҒАНАТ» КІТАБЫНАН)

даналарының бірі Солонға айтқандары болмақ. Онда ол: «Атлантида» деп аталатын осы аралда басқа аралдарға және құрлықтың жарытысына билігі тараған таңданарлық ұлы патшалардың одағы пайда болды. Сөйтіп олар бұғаздың бергі жағында Ливиядан Египетке дейін, Еуропадан Тирренияға дейін иеленді. Бұл.. топтасқан күш-қуат бір соққымен сіздердің және біздердің

ды түпкі тегі түркітөктес халықтардан екені ДНК зерттеулері арқылы нақты анықталған майялардың арғы аталары деп қабылдаған өз түйсігінің ықпалымен кетіп, негізгі айғақ Египет абызының атланттар жартысына билік жүргізген құрлықтың қай құрлық екенін Солонға ашып айтқан келесі сөзіне мән бермеген секілді. Онда абыз: «Сөйтіп олар бұғаздың бергі жағында Ливиядан

ТҮРІК, ЖАЗУЫ БАСҚА

елдерімізді құлдыққа айналдырмақ болды» деген дерек берген. Бұл деректен атланттардың өз заманында тек Атлантида аралында ғана емес, сонымен бірге іргелес «құрлықтың жартысына» билік етіп, сонда олардың белгілі бір бөлегінің өмір сүргенін де көреміз. Олай болса, Атлантида түгелдей құрдымға кеткенімен, басқа құрлықта өмір сүріп жатқан атланттардың бұл қырғыннан аман қалуы әбден мүмкін ғой. Оны теріске шығарар басқа дерек те жоқ. Сол себепті Сонхес абыздың айтқандары атланттардың түгел жойылып кетпегенін, олардан белгілі дәрежеде ұрпақ жалғастырар тұқым қалғанын куәлендірер бірден-бір дереккөзі болмақ.

Осы арада айтылар ойда екіұштылық болмас үшін басын аша кетер бір мәселе бар. Ол – жоғарыда талдауға талшық еткен Египет абызының сөзіндегі «құрлықтың жартысына билігі тараған» деген дерегіне қатысты. Абыз өз сөзінде атланттар жартысына билік жүргізген құрлықтың қай құрлық екенін ашып айтпаған. Тек «басқа аралдармен бірге құрлықтың жартысына билігі тараған» дейді. Осыдан келіп зерттеушілер арасында әркім өзінше түсіндірген кереғар пікірлер туындаған. Мысалы, соңғы зерттеулердің бірі, «Атланттар туралы аңыз бен ақиқат» атты еңбектің авторы Б.Бейсенбай бұл құрлықты «Америка құрлығы» деп түсіндіреді. Сол себепті ол осы орайдағы өз ойын: «Демек, Америка құрлығының жартысы атланттарға қараған», – деп түйіндейді (Бейсенбай Б. «Атланттар туралы аңыз бен ақиқат». Ас. «Фолиант» баспасы. 2014. 55-56 – бб). Бірақ біздің пайымдауымызша, автор бұл ретте атланттар-

Египетке дейін, Еуропадан Тирренияға дейін иеленді», – деп, атланттар билік жүргізген құрлықтың Америка еместігін ап-анық көрсеткен ғой. Бірақ бұл айтылғандар абыздың «құрылықтың жартысы» деп отырғаны, біз айтқандай, Америка болмаған күннің өзінде, онда атланттар болмады дегенді білдірмейді. Өйткені Атлантида апатқа ұшыраған кезде оның Америка құрылығы жақ жағалауларындағыларының бассауғалып сонда бару мүмкіндігін ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Бұлай ойлауға негіз де бар және ол жалғыз да емес. Оның біріншісі – КСРО Ғылым Академиясы шығарған «Әлем тарихының» («Всемирная история») І-ші томындағы Американың ежелгі тұрғындары жөніндегі антропологиялық зерттеулерге негізделген: «Установлено, что американские индейцы по своему физическому облику ближе всего стоят к монголоидам. Их сближают прямые и жесткие волосы, слабые волосная покров, относительно выдающиеся скулы» (Всемирная история. Т. I. М. 1956. стр. 83) деген дерегі. Мұндағы совет ғалымдарының тегін «монголоид» деп танып отырған үндістері түркітөктес майя халықтарының кечуя, сиу секілді тайпаларының арғы аталары екенін және олардың түрік тілінің қыпшақ диалектісінде сөйлегенін кейінгі зерттеушілердің (Отто Рериг, Ю.Кнорозов, А.Кармуллин, О.Сүлейменов, А.Ахметов және т.б.) лингвистикалық нақты деректер арқылы дәлелдеп бергені қазір жұрттың бәріне белгілі.

Жалғасы бар

МАҚСАТ КЕРЕК АДАМҒА

Бұл мақалаға мен еш ойланбай кірістім. Себебі, бұл тақырып ойыма келгенде кімдер жайлы жазарым да анық еді. Ол әрине, біздің аяулы ұстаздарымыз.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары бұл орынның басын бастамақ. Неге десеңіз? Бізге әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан бе-

ріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас. Сөзімнің жалғасы ретінде мына бір өлең жолдарын сол тұлғаларға арнағым келеді.

*Мына күні өлең жазып өтейін,
Мақсат қойып, менде оған жетейін.
Алға қарай дұрыс арман қойғызған,
Ұстаздарды қалай айтпай кетейін.
Үйреттіңіз мына бізге бәрін де,
Бұл өмірдің ғажап сондай сәнін де.
Қоса оған жалықпай еш айттыңыз
Бөледіңіз бізге білім нәрін де!*

Бұл кафедра сонымен қоса бірнеше жоба-

лармен айналысады. Робот жасау, Атом жобасы, Жалпы салыстырмалық теориясы және тағы да басқа тақырыптар бойынша көкейде жүрген сұрақтарды осындағы кез-келген кісіге айтсаның қол үшін берері хақ. Бұл кісілерге қатысты айтылатын әңгіме өте көп. Себебі, алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол осы ұстаздардың қолдауымен келді десем қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын. Бұл бізге берілген бақ деп білемін!

АСАНҚЫЗЫ Г., МЫРЗАҚҰЛ Т.Р.